

Хаттамасы № 2

Кентау қ.

«03» 07 2023ж

Комиссия төрағасы: Б.Ә.Әбдімәлік

Комиссия хатшысы: Балабиева Г.Н

Күн тәртібінде:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан
Республикасының заңын кеңінен талқылап, түсіндірме беру

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау тобының төрайымы
М.П. Байжуматова жиналысты ашық деп жариялап, комплеанс офицері
Г.Балабиеваға сөз берді.

Комплеанс офицері Г.Балабиева өз сөзінде төмендегі

1. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Заңы (2015 жылғы 18
қарашадағы № 410-V ҚРЗ);

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан
Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226 -V ҚРЗ);

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР – ның Кодексі (2014 жылғы 5
шілдедегі № 235- V ҚРЗ), заңдарын қысқаша түсіндіре отырып, «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа
қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық
дәртімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен
пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.
Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол
азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан
Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың
құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге
міндетті деп аяқтай отырып, әсіресе біздің ұжымда осындай сыбайлас
жемқорлыққа жол бермеуге бәріміз ат салысуымыз керек деп сөзін аяқтады.

Мекеменің басшысы Б.Ә.Әбдімәлік өз тарапынан Қазақстан
Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының
тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау және оған
жауапкершілікпен қарауға әр қызметкердің міндеті екенін айтып өтіп,
комплеанс қызметкерлерінің қадағалауында болатынын айтып жиналысты
қорытындылады.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындарын
жеткізді.

Комиссия төрағасы:

Б.Ә.Әбдімәлік

Комиссия хатшысы:

Балабиева Г

